**Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама**
**(бес жастан бастап)**

Құрметті ата-аналар! Тиісті облыстың білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі-Департамент) білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттаудан өткізуді жоспарлап отыр. Біз сіздің балаңыздың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша меңгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеруіне мүдделіміз. Сіздің жауабыңыз бізге тәрбиеленушілердің жетістіктеріне объективті мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға көмектеседі.

Сондықтан Сізден сауалнаманы жеке толтырып, Департаменттің электрондық мекенжайына жолдауыңызды сұраймыз. Ынтымақтастық үшін рахмет!

Ата-ананың немесе заңды өкілінің Т.А.Ә ________________________________________
Телефон номері ____________________________________________________________________
Тәрбиеленуші тобының атауы________________________________________________
Тәрбиеленушінің Т.А.Ж.____________________________________________________________

| Р/с № | Дағдылар тізбесі | Дағдылар мазмұны | Толығымен келіспеймін | Келіспеймін | Жауап беруге қиналамын | Келісемін | Толығымен келісемін |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | -2 | -1 | 0 | +1 | +2 |
| | | Денсаулық сақтау дағдылары | | | | | |
| 1 | Мәдени-гигиеналық дағдылар | Гигиеналық шынықтыру шараларын өздігінен орындайды. | | | | | |
| 2 | Дене шынықтыру | Негізгі қимыл түрлерін орындау кезінде шығармашылық танытады. | | | | | |
| 3 | Дербес қимыл белсенділігі | Командада қимылды ойындарды ұйымдастыру дағдыларын игерген. | | | | | |
| 4 | Дербес қимыл белсенділігі | Қимыл белсенділігіне қарапайым өзіндік бақылауы қалыптасады. | | | | | |
| 5 | Салауатты өмір салты | Қауіпсіздік қағидаларын саналы түрде орындайды. | | | | | |
| 6 | Салауатты өмір салты | Шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді. | | | | | |
| 7 | Салауатты өмір салты | Күн тәртібін сақтайды. | | | | | |
| | | Коммуникативтік-тілдік дағдылар | | | | | |
| 8 | Қарым-қатынас мәдениеті | Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін біледі. | | | | | |
| 9 | Қарым-қатынас мәдениеті | Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтайды. | | | | | |
| 10 | Тілдің грамматикалық құрылымы | Сөйлеуге сыни қарым-қатынас таныта алады. | | | | | |
| 11 | Тілдің грамматикалық құрылымы | Грамматикалық дұрыс сөйлеуге тырысады. | | | | | |
| 12 | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті | Дұрыс, мәнерлі сөйлей алады. | | | | | |
| 13 | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті | Интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолданады. | | | | | |
| 14 | Сөздік қор | Сөйлеуде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, тілдегі сөздің көп мағыналығын түсінеді. | | | | | |
| 15 | Байланыстырып сөйлеу | Әртүрлі сөз таптарын, эпитеттер мен салыстыруларды қолдана отырып, монолог құра алады. | | | | | |
| 16 | Шығармашылықпен тілдік қызмет | Оқиғаларды құрастыра алады, астарлы және ауыспалы сөздерді қолданады және түсінеді. Ұйқас және сөздік ойынға қызығушылық танытады. | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | Шығармаларды қабылдауы | Кітапқа қызығушылық танытады, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқи алады. | | | | | |
| 18 | Сауат ашу негіздері | Үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасай алады және буындарды ажыратады. | | | | | |
| 19 | Сауат ашу негіздері | Жазудың қарапайым дағдыларын: қарындаш, қалам ұстауды, алады, сурет салуды, сызықтар сызуды, басып жазуды меңгереді. | | | | | |
| 20 | Сауат ашу негіздері | Қағаздың, кітаптың бетінде бағдарлана біледі. | | | | | |
| Танымдық дағдылар | | | | | | | |
| 21 | Заттардың қасиеттерін бағдарлау | Танымдық әрекет ретінде заттардың қасиеттері мен белгілерін қарастырады. | | | | | |
| 22 | Қоршаған ортаны тану | Танымдық міндеттерді көрнекі-қимылдық және көрнекі-үлгілік жоспармен шеше алады, жүйелей және топтастыра алады. | | | | | |
| 23 | Қоршаған ортаны тану | Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу қабілетіне ие. | | | | | |
| 24 | Құрастыру дағдылары | Құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін меңгерген және түрлі нәтиже алу үшін бір және бірнеше тәсілдерді қолданады. | | | | | |
| 25 | Экология лық мәдениет негіздері | Қоршаған әлемнің алуан түрлілігін түсінеді. | | | | | |
| 26 | Экология лық мәдениет негіздері | Өсімдіктердің белгілерін, қасиеттерін, олардың тіршілік ортасын біледі. | | | | | |
| 27 | Экология лық мәдениет негіздері | Табиғат бұрышын мекендеушілерге күтім жасай алады. | | | | | |
| 28 | Қарапайым математикалық ұғымдар | Геометриялық пішіндердің құрылымдық сипаттамаларын, тура және кері реттегі сандық қатынасты біледі. | | | | | |
| 29 | Ізденіс және экспери-менттік әрекет | Қарапайым себеп-салдарлық байланыс орната алады, ретімен және нәтижелі эксперимент жасай алады. | | | | | |
| 30 | Ақпаратпен жұмыс | Жаңа ақпаратты қызығушылық танытқандарға қалай ұсынуды біледі және түсінеді. | | | | | |
| Шығармашылық дағдылар | | | | | | | |
| 31 | Музыкалық әрекет | Балалардың музыкалық аспаптарында ойнаудың қарапайым дағдыларына ие. | | | | | |
| 32 | Музыкалық әрекет | Халық әндерін, билерін орындайды. | | | | | |
| 33 | Музыкалық әрекет | Әнді ойдан шығарып айту қабілетіне ие. | | | | | |
| 34 | Өнімді әрекет | Бейненің сипатына тән бейнелеудің техникалық тәсілдері мен құралдарын өз бетінше таңдай алады. | | | | | |
| 35 | Қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау | Халық өнеріне және сәндік өнерге, дизайнға қызығушылық білдіреді, жұмыс тәсілдерін таңдайды және негіздейді, жұмыста материалдарды тиімді қолданады. | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 36 | Қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау | Табиғаттың әсемдігіне, киімге және бөлменің жинақылығы на эмоционалды түрде мән береді. | | | | | |
| Әлеуметтік дағдылар | | | | | | | |
| 37 | Мәдени мінез-құлық дағдылары | Қажетті жағдайларда көмек сұрай алады. | | | | | |
| 38 | Мәдени мінез-құлық дағдылары | Басқа адамдардың тілектеріне құрметпен қарайды. | | | | | |
| 39 | Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет | Ересектермен және құрдастарымен бірге еңбек ете алады, ортақ мақсат қояды және оның нәтижесін талқылай алады. | | | | | |
| 40 | Адамгершілік нормалары туралы түсінік | Отбасылық құндылықтарды сақтайды. | | | | | |
| 41 | Адамгершілік нормалары туралы түсінік | Өзінің кіші отанына, туған елінің мәдениетіне сүйіспеншілік және құрмет танытады. | | | | | |

1. Осы сауалнаманың өз қолыңызбен толтырылғанын растайсыз ба? _______ _______
   иәжоқ
2. Сауалнаманы толтыру кезінде сізге білім беру ұйымының өкілдері тарапынан қысым болды ма? ______ _______

иәжоқ

Ескертпе: сауалнама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) 1 – қосымшаға сәйкес білім беру ұйымының білім беру қызметінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі- МДО МЖБС) талаптарына сәйкестігінің дәлелі болып табылатын ресми нормативтік акті болып табылады.

Мемлекеттік аттестаттаудың оң қорытындысын алу мақсатында басқа мүдделі тұлғалардың сауалнамаларды толтыруы менсауалнамалық деректерді ұсынылатын білім беру қызметтерінің МДО МЖБС талаптарына сәйкестігін дәлелдеу ретінде ұсынуы жалған болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дәлелдемелерді бұрмалау ретінде қудаланады.

20___жыл «_____» ____________________

Департаменттің байланыс телефоны